

РЫБНОЕ ХОЗЯЙСТВО

ӘОЖ 639.3

МҒТАР 69.25.13

Қ. Ш. Нұрғазы, а.ш.ғ., С. К., Қойшыбаева, Ж. Е. Сағидолдина,

Анималогия проблемаларының ғылыми-зерттеу институты

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ҚАПШАҒАЙ УЫЛДЫРЫҚ ШАШУ – ШАБАҚ ӨСІРУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА СҮЙРІК БАЛЫҒЫН ӨСІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Изучен один из наиболее перспективных видов рыбы для искусственного выращивания - стерлядь, что обусловлено ее хорошими рыбоводными характеристиками. Стерлядь достигает товарной массы уже в 3-летнем возрасте.

Ключевые слова: стерлядь, осетр, популяция, инкубация.



Қолдан өсірудің тиімді объектісінің бірі сүйрік балығын өсіру болып табылады. Бұл таңдаудағы негізгі себеп - сүйрік балығының балық шаруашылық көрсеткіштері жоғары және өсіруге қолайлы. Сүйрік балықтың қондылығы мен тауарлық қасиеттері, салмағы үш жасында толық қалыптасады.

Кілт сөздер: Сүйрік, бекіре, популяция, инкубация.



One of the most perspective objects of artificial growing is the Sterlet. Conditionality of the choice is connected with good hatcheries feature of the Starlet, since the Sterlet reaches the commodity weight at three-year age.

Key words: sterlet, sturgeon, population, incubation.

Қазақстан Республикасындағы ең маңызды балық шаруашылығы бар суқойма ол Каспий теңізі, оған бекіренің дүние жүзіндегі 90 % үлесі тиеді. Бекіренің ең көп аулануы өткен ғасырдың басында байқалған. Осыдан бастап, әр түрлі жағдайларға байланысты олардың популяциясының азайып, көбеюі нашарлап кетті. Себебі экологиялық факторлардың, ауа райының қолайсыздығы, Каспийге тұщы сулардың құйылуының азаюы, 30-40 жылдары су деңгейінің төмендеуі. Балық аулағанда, жас және жыныстық жет-

ілімге бекірілерді аулау, 50-ші жылдары гидростанциялық плотицаларға суды теңізге құйылатын өзендерден көп мөлшерде пайдалану.

Осыған орай, қазіргі таңда сүйрік балықты қолдан өсіру өзекті болып отыр. Бұл нышанның таңдаулысы жақсы тауарлық сипаттамасымен байланысты [1].

Дүние жүзінде ең өзекті мәселе бекіре шаруашылығының аналық үйірлерін қалыптастыру. Сол себептен, қазіргі уақытта Қазақстан жағдайында аналық үйірлерді өсіретін шаруашылық жоқ болғандықтан, уылдырықтарды шет мемлекеттен алып келеді. Аналығының пісіп жетілгендігін бонитировка кезінде қазаннан сәуірге дейін сипап сезу арқылы анықтайды. Өндірушілер үшін оптимальды t° -ра 13-16 $^{\circ}$, температураның кеңірек диапазоны - 11-18 $^{\circ}$.

Өндірушілерді бір рет бекіре балығының ацетондалған гипофизімен: аналықтарға 3 - мг/кг, аталықтарға 2 мг/кг дене салмағына егеді. Суспензияның құрамында 1мл физиологиялық ертіңдіде 10 мг құрғақ зат болады. Аналықтың пісіп жетілу уақыты судың температурасы жоғары болған сайын қысқа болады. Аналық пен аталықтарды инъекциялау судың орташа температурасы 13,5-15 $^{\circ}$ -та 21 00 -22 00 сағатта, уылдырықты бір күннен кейін жұмыс уақытында жинау үшін жүргізеді.

Уылдырықтың овуляцияланған жағдайға өткендігін балықтардың құрсағын басу арқылы немесе бассейіннің түбіне түскен уылдырық арқылы және жыныстық саңылаудың қызаруы арқылы біледі. Уылдырықтың бірінші порциясын қолмен сауу арқылы алады. Сосын құрсақ қабырғасын кеседі, сол кезде уылдырықтың жартысы өзінен-өзі ағады, ал қалғандарын қолмен алады. Отаны елсіз басу арқылы 15-20 минут жүргізеді. Қалған жұмысты - тігіс салу мен уылдырықты ұрықтандыруды - бір уақытта басқа жұмысшылар жүргізеді. Тіккен жер ең жақсы жағдайда 15 күнде, әйтпесе 1-2 айда жазылады. Оталанған аналықтардың тірі қалуы 85 %.

Оталанған аналықтарды тегіс қабырғалы пластикалық бассейндерде ұстайды. Бассейндерді мұқият тазартып отырады.

Уылдырықты ұрықтандыру үшін шәуетті бірнеше аталықтан алады. Балықтың анус аймағын және оған жақын қанаттарды дұрыстап сүртеді, шәуетті стақанға немесе шөмішке

сауып салқын қараңғы жерде сақтайды.

10 мл шәуетті 200 есе сумен араластырып, бірден 1 кг уылдырықпен шашады. Ұрықтандыруды жақсарту үшін - оны 3 минутқа созады, уылдырықты қауырсынмен немесе қолмен аралас-тырып оны сумен шаяды немесе суспензиямен жабыстырады. 110 л суға 150-200 г., тальк немесе 15-20 г., бор ас тұзын, 0,5 л өзен сазын, 200-250 г., құрғақ 2 сүт қосады. Алынған уылдырықты суспензиямен жабыстыруды елегенде қолмен араластыра отырып немесе АОИ аппаратында 50-60 минут бойы жүзеге асырады.

Уылдырықты инкубациялау үшін "Осетр" аппаратын қолданған жен. Жаңа модификация эмбриондарға кері әсер ететін төмен немесе жоғары жиіліктегі қатты дыбысты болдыртпайды

Қолдан өсірудің тиімді объектісінің бірі сүйірік балығын өсіру болып табылады. Осыған байланысты ендігі жерде өндірілген өнімдер мен шикізаттардың сапасы және өзіндік құны халықаралық талаптарға сәйкес болуы, сонымен қатар осы сапаның Дүниежүзілік сауда ұйымы алдындағы тиімділігі қамтамасыз етілуі керек. Бүгінгі таңда Қазақстан балық шаруашылығының алдында өндірілуі жағынан арзан және сапасы бойынша бәсекелесе алатындай өнімдер мен шикізаттар дайындау тапсырмасы тұр [2].

Сүйірік - (*Acipenser ruthenus*, Linne) бекіре тұқымдастарының ішіндегі бірден-бір тұщы су балығы. Сүйірік туралы айтқанда, бұл балықтың Қазақстандағы мекен ету аймағы өте кең бекіре тұқымдас балықтар екендігін айта кеткен жен. Бұл балық Орал, Тобыл және Ертіс өзендерінде кездеседі. Сүйірік балығының Ертістік түрі ерекше балық түріне жатқызылады. Оны Каспий, Азов, Қара, Ақ, Баренц және Карск теңіздерінен, сондай-ақ Батыс Сібір өзендерінен аулайды. Орташа салмағы 250-800 г, ұзындығы- 80 см. Қазақстан су қоймаларында сүйірік балығы сирек кездесетін түр болып табылады, бірақ Қызыл кітапқа әлі енгізілген жоқ

Бассейндік технологиялар бойынша бекіре балықтарын өсіруді зерттеу Қапшағай уылдырық шашу - шабақ өсіру шаруашылығында жүргізіледі.

Қолдан өсірудің тиімді объектісінің бірі сүйірік балығын өсіру болып табылады. Бұл таңдаудағы негізгі себеп, сүйірік балығы-

ның балық шаруашылық көрсеткіштері жоғары және өсіруге қолайлы. Сүйрік балықтың қондылығы мен тауарлық қасиеттері, салмағы өз-ара үш жасында толық қалыптасады. Сүйрік балықтарының жыныстық жетілуі басқа бекіре тұқымдас балықтарға қарағанда тез жетіледі.

Бекіре балықтарын эксперимент жүзінде өсіру үшін Қапшағай уылдырық шашу - шабақ өсіру шаруашылығына алғаш рет 2012 жылы сүйрік балығының дернәсілдерін әкелді. Әкелінген сүйрік балықтың дернәсілдері тікбұрышты бассейндерге отырғызылды, отырғызу тығыздығы - 2000 дана/м². Тығыздығы - 11-130 мың уылдырық Сүйрік балығының негізгі қорегі жәидіктередіу дернәсілдері болып табылады.

Дернәсілдер мен шабақтарды өсіру үшін кез келген көлемі әртүрлі бассейндерді қолдануға болады (металл, бетон, пластик), тиімдісі швед үлгісіндегі шеңбер тәрізді пластикалық бассейн (ИЦА- 1, ИЦА- 2).

Жас шабақтарды өсіру. Судың шығымы бассейндегі балықтың 100 мг салмағына. Дернәсілдер мен шабақтың бойына қарай су 6- 7 л/мин.

ИЦА - 2 бассейніне отырғызу тығыздығы 1 - кестеде көрсетілген.

Бассейнде салмағы 3 г дейінгі шабақтарды өсіргенде ОСТ-4 дайын құрама жеммен азықтандырады. Жоғарыға қалқып

1 Кесте

Салмағы 3 г, мың. дана/м² болатын жас бекіре балығын отырғызу тығыздығы

Дене салмағы, мг	ақсерке, бестер, мың. дана	Орыс бекіресі, сүйрік мың. дана
60	6-8	4-6
100	2-3	1,5-2
1000	1-1,5	0,6-0,8
3000	0,6-0,8	0,4-0,6

шыққан бос эмбриондарға азыққа оң реакция алу мақсатында шаң түрінде құрама жем беріледі. Құрама жемге бейімделу 2-3 тәулік. Құрама жеммен қоса дернәсілдерге дафний мен артемий беріледі.

Бұл таңдаудағы негізгі себеп, сүйрік балығының балық шаруашылық көрсеткіштері жоғары және өсіруге қолайлы. Сүйрік

2 Кесте

Бассейнде салмағы 3 г дейінгі шабақтарды өсіру бионормативтер

Биотехника элементтері	Бионормативтер
Бассейндегі су тереңдігі, м	0,2-0,4
өсіру кезіндегі су температурасы °С	
дернәсіл	16-22
шабақ	20-24
Шабақтардың салмағы 3 г/тәулік жеткенше өсіру ұзақтығы	30-40
өсіру аралығындағы қалдықтар %	50

балықтың қондылығы мен тауарлық қасиеттері, салмағы үш жасында толық қалыптасады, сол себептен сүйрік балығын өсіру басқа бекіре тұқымдас балықтарға қарағанда тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Койшыбаева С.К., Бадрызлова Н.С., Федоров Е.В. Қазақстанның балық уылдырық шашатын және шабақ өсіретін тоған шаруашылығы жағдайында бекіре балығын жаңа нысан ретінде өсіру // Жаршы. - 2009. - № 2. - Б. 60-63.

2 Бадрызлова Н.С., Федоров Е.В., Койшыбаева С.К., Жубанов К.У. Рекомендации по технологии выращивания осетровых рыб в бассейнах и прудах в условиях рыбоводных хозяйств юга Казахстана. - Алматы, 2009. - 56 б.